

Б.С. ҚАПАЛБЕК¹, **Б.Н. НҰРЖАНОВА²**¹*филология ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік тілді дамыту институты
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: zhomart_til@mail.ru*²*PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры м.а.
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: nurzhanova.0@qyzpu.edu.kz*

ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК ӘЗІРЛЕУДІҢ ӘЛЕМДЕГІ ОЗЫҚ ҮЛГІЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада түсіндірме сөздік әзірлеудің әлем бойынша озық үлгілері қарастырылған. Түсіндірме сөздік түзу бүгінгі таңда әлем бойынша тіл мамандары үшін өте өзекті мәселе. Белгілі бір ұлт тілінің сөздік құрамы толық жиналып, әліпби жүйесіне түсіріледі. Әр сөзге грамматикалық, стильдік белгілер қойылып, олардың мағыналары анықталады. Тұрақты тіркестері де бір жерге жиыстырылып, мағыналары ашылатын болады. Сол арқылы тілдің құрылымы, лексика-грамматикалық, фразеологиялық, семантикалық, стильдік ерекшеліктері көрсетіліп, оларға лингвистикалық талдау жасалынып, тіл бірліктеріне ғылыми сипаттама беріледі. Осы негізде ғылыми мақалада түсіндірме сөздік әзірлеудің түрлері көрсетіліп, талдау жасалған. Белгілі бір тілдің түсіндірме сөздігі осы үш топтың керегіне жарайтындай, ғылыми жағынан толықтырылып, сапалы жасалынуы қажет. Сонда ұлт тілін жақсы білетіндер үшін түсіндірмелі сөздік қазақ тіл білімінің негізгі қазығы болып шығады. Сонда ол ғылыми еңбектің қызметін атқарады деген сөз. Түсіндірмелі сөздікке қарап, әр ұлт өкілі өз тілінің даму деңгейін пайымдап саралауға болады. Түсіндірме сөздік тек анықтамалық немесе оқу құралдарының қызметін атқаратын ғылыми еңбек қана емес, сондай-ақ ол дидактикалық құрал болуы керек. Зерттеу барысында салыстыру, талдау, жинақтау әдістері қолданылды. Нәтижесінде шетелдік түсіндірме сөздіктер, оның ішінде еуропа елінің лексикографиясындағы сөздік барлық адамға ортақ болып, оны жалпы халық қолдана алатындай қолжетімді болу ұстанымы көрсетіліп, теориялық тұрғыдан дәлелденді.

Кілт сөздер: сөз, түсіндірме сөздік, тәжірибе, озық үлгілер, лексикография, технология.

B.S. Kapalbek¹, B.N. Nurzhanova²¹*Candidate of Philological Sciences, Institute of State Language Development
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: zhomart_til@mail.ru*²*PhD, Acting Associate Professor of Kazakh National Women's Teacher Training University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: nurzhanova.0@qyzpu.edu.kz*

The World's Leading Examples of Explanatory Dictionary Development

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Қапалбек Б.С., Нұржанова Б.Н. Түсіндірме сөздік әзірлеудің әлемдегі озық үлгілері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №3 (133). – Б. 37–46. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.84>

*Cite us correctly:

Qapalbek B.S., Nurjanova B.N. Tusindirme sozdik azirleudin alemdegi ozyq ulgileri [The World's Leading Examples of Explanatory Dictionary Development] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2024. – №3 (133). – B. 37–46. <https://doi.org/10.47526/2024-3/2664-0686.84>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.04.2024 / қабылданған күні 27.09.2024

Abstract. The article discusses the world's best examples of Explanatory Dictionary development. The formation of an Explanatory Dictionary is a very relevant issue for linguists around the world today. The vocabulary of the language of a particular nation is fully collected and drawn into the alphabetical system. Each word is marked with grammatical, and stylistic features, and their meanings are determined. Regular expressions will also be collected in one place and their Meanings will be revealed. Thus, the structure of the language, lexical-grammatical, phraseological, semantic, stylistic features are shown, their linguistic analysis is carried out, and scientific descriptions of language units are given. On this basis, the types of development of an Explanatory Dictionary in a scientific article are indicated and analyzed. The Explanatory Dictionary of a particular language should be scientifically supplemented and qualitatively developed by the requirements of these three groups. Then for those who know the national language well, the Explanatory Dictionary will become the main pillar of Kazakh linguistics. Then it means that it performs the function of scientific work. Looking at the Explanatory Dictionary, you can judge the level of development of each nation's language. The Explanatory Dictionary should not only be a scientific work that serves as a reference or teaching aid, but it should also be a didactic tool. In the course of the study, methods of comparison, analysis, and compilation were used. As a result, the position of foreign explanatory dictionaries, including the dictionary in the lexicography of a European country, to be common to all people and accessible so that it can be used by the general population, was demonstrated and theoretically proved.

Keywords: word, Explanatory Dictionary, experience, advanced samples, lexicography, technology.

Б.С. Капалбек¹, Б.Н. Нуржанова²

¹кандидат филологических наук, Институт развития государственного языка
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: zhomart_til@mail.ru

²PhD, и.о. ассоциированного профессора Казахского национального женского педагогического университета (Казахстан, г. Алматы), e-mail: nurzhanova.0@qyzpu.edu.kz

Передовые мировые модели разработки толкового словаря

Аннотация. В статье рассматриваются передовые модели разработки толковых словарей. Формирование толкового словаря сегодня является очень актуальной проблемой для лингвистов всего мира. Словарный запас языка конкретной нации полностью собран и приведен в алфавитную систему. Каждое слово помечено грамматическими, стилистическими особенностями и определены их значения. Также собраны в одном месте устойчивые сочетания, раскрыты их значения. Таким образом, демонстрируются структура языка, лексико-грамматические, фразеологические, семантические, стилистические особенности, проводится их лингвистический анализ и даются научные описания языковых единиц. На этой основе указываются и анализируются типы составления толкового словаря в научной статье. Толковый словарь того или иного языка должен быть научно дополнен и качественно составлен, как того требуют эти три группы. Тогда для тех, кто хорошо знает язык нации, аннотированный словарь станет основным столпом казахского языкознания. Значит, он выполняет функцию научного труда. Глядя на аннотированный словарь, каждый представитель нации может оценить уровень развития своего языка. Толковый словарь должен быть не только научным трудом, выполняющим функцию справочника или пособия, но и дидактическим пособием. В ходе исследования были использованы методы сравнения, анализа и компиляции. В результате была продемонстрирована и теоретически доказана позиция, что иностранные толковые словари, в том числе словарь лексикографии

европейской страны, являются общими для всех и доступны для использования населением в целом.

Ключевые слова: слово, толковый словарь, опыт, передовые образцы, лексикография, технология.

Кіріспе

Тілдің негізі – сөз және оның мағыналары. Тіл білімінің қай саласын алсақ та сөз мағыналарынсыз оларды түсіну де, түсіндіру де қиын. Тіл – тірі организм екені белгілі. Себебі сөз туады, өседі, өркендейді, дамиды және ол қолданысқа түсіп, жұмсалынады. Олардың негізгілері (қажеттілері) сұрыптан өтіп, тілімізде қалыптасады. Ал негізгі емес дегендері (қажетсіздері) қолданыстан шығып, ол сөздердің орнын жаңа сөздер мен сөз тіркестері басады.

Сөздіктердің түрі көп. Солардың негізгілері – бір тілді сөздіктер мен екі (көп) тілді сөздіктер. Түсіндірмелі сөздік бір тілді сөздікке жатады. Түсіндірмелі сөздік дегеніміз – белгілі бір тілдің қолданатын барлық сөздерінің, сөз тіркестерінің және олардың мағыналарының бір жүйеге түскен жиынтығы.

Түсіндірме сөздік бір тілдің негізгі сөз байлығын қамти отырып, сол тілдің әдеби тілінің нормасын қалыптастырады. Сондықтан оны нормативтік сөздік деп те атайды. Алайда біртүрлі сөздіктің бірнеше түрі бар. Қазақ лексикографиясының тәжірибелік мәселелері ХІХ ғасырдан бері сөз болып келгенімен, оның теориясына қатысты ой-пікірлер ХХ ғасырдың ІІ жартысынан бергі кезеңде ғана айтыла бастады [1, 32-б.]. Бұл, әсіресе, бір тілді лексикографияға қатысты. Түсіндірме сөздік дегеніміз – белгілі бір тілдің қолданатын барлық сөздерінің, сөз тіркестерінің және олардың мағыналарының бір жүйеге түскен жиынтығы. Белгілі бір ұлт тілінің сөздік құрамы толық жиналады. Әр сөзге грамматикалық, стильдік белгілер қойылып, олардың мағыналары анықталады.

Негізі түсіндірме сөздіктер тек белгілі бір мамандарға ғана емес, жалпы қауымға, халыққа, көпшілік бұқараға арналып жасалады. Сондықтан ондай сөздік оны қолданатын адамдардың бәріне түсінікті болатындай, пайдасы тиетіндей етіп жасалынуы қажет. Кез келген адам қандай сөзді іздесе де, оны түсіндірме сөздіктен таба алатындай болуы керек. Тауып қана қоймай, ол сөздің мағыналарын, сипатын, қыр-сырын және тілдің қай саласында, қалай қолданылатындығын, қалай жазылатындығын біле алатындай болуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда түсіндірме сөздік анықтамалық сөздіктің қызметін бірге атқаруға міндетті болып табылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеудің деректері ретінде осы күнге дейін шыққан І.К.Кеңесбаевтың редакциялауымен жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» [2]. 1974–1986 жылдар арасында сөздік он том болып шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» [3]. 2008 жылы Т. Жанұзақовтың басқаруымен «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» [4] және 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» [5] атты еңбек, Б.Қ. Қалиұлы, Б.С. Қапалбектің авторлығымен шыққан «Біртүрлі сөздік жасаудың ғылыми-теориялық негіздері» [6] атты монография негізге алынды.

Мақала нысанын зерттеуде синхрондық сипаттама әдісі, жинақтау әдісі қолданылады. Осы арқылы лексикография саласында түсіндірме сөздік жасаудың озық үлгілері талданды. Осы орайда түсіндірме сөздік жасаудағы отандық және шетелдік тәжірибелерге талдау жүргізілді. Түсіндірме сөздік жасау тәжірибесін жетілдіруге қатысты теориялар зерттеу нысанына айналды.

Осы әдісті қолданудың нәтижесінде әлем бойынша лексикография саласындағы түсіндірме сөздік жасаудың сипаты анықталды.

Талдау мен нәтижелер

Сөздік түзу – адамзат қауымында жазу-сызу пайда болған кезден бері жалғасып келеді. Лексикографияның тарихында жанрлық жағынан өзгешеленетін түсіндірме сөздіктердің түрлері көп. Түсіндірме сөздіктердің даму тарихы адамзаттың тілді түсінуге және жүйелеуге деген тұрақты ұмтылысын көрсетеді. Түсіндірме сөздіктер коммуникацияда, оқытуда және мәдени мұра ретінде маңызды құрал ретінде қызмет етеді. Сөздік түзуде басты қызметтерін Б.Қалиев айтып өткен болатын. Ең алдымен сөздің басты әрі негізгі қызметі деп оның атаушылық қызметін көрсетеді. Яғни бір нәрсені, белгілі бір ұғымды атау. Ғалым кез келген ұлт өкілі өз ана тілін 100% жақсы біледі десек, мұнымыз ақиқаттан алыс кеткендік болар еді. Сондықтан ғалымдар оларды шартты түрде: 1) ана тілін жоғары деңгейде білетіндер, 2) орташа деңгейде білетіндер, 3) төменгі деңгейде білетіндер, – деп үш топқа бөліп жүр, – дейді [6, 41-б.]. Ғалым түсіндірме сөздікті осы үш топтың үшеуінің де қажетіне жарарлықтай етіліп, ғылыми жағынан толыққанды, сапалы жасалынуы керектігін айтады. Ұлт тілін жақсы білетіндер үшін түсіндірме сөздік – қазақ тіл білімінің түп қазығы, негізі болып шығады. Яғни ол – ғылыми еңбектің қызметін атқарады. Түсіндірме сөздікке қарап, өз ұлт тілінің даму деңгейін, көтерілген дәрежесін пайымдауға болады. Жетістігі қайсы, кемшін тұстары қандай екендіктерін біліп, оны дамытуға, жетілдіруге атсалысады. Ұлт тілін орташа деңгейде білетіндер үшін түсіндірме сөздік – білім көзі болып табылады. Сөздікті оқу, талдау, зерттеу арқылы олар өздерінің тілдік білімін жетілдіре түседі, лексикалық қорын толықтырады. Қолдану мүмкіндігін, сөйлеу (жазу) шеберлігін арттырады. Бұл жағынан түсіндірме сөздік – тіл үйретудің, тілді үйренудің құралы қызметін атқарады. Ал ұлт тілін төменгі деңгейде білетіндер үшін түсіндірме сөздік – оқулықтың, оқу құралының қызметін атқарады. Ешқандай мұғалім жалдамай-ақ, түсіндірме сөздікті оқу, зерделеу арқылы өзінің лексикалық қорын байытады, сөз мағыналарын біледі, сөздердің қолданылу аумағы мен жұмсалым аясын аңғартады.

Лексикографияның теориялық және практикалық жағынан ең маңызды деп саналатын мәселелері мыналар: 1) сөздік жасаудың әмбебап критерийлері мен әдіснамалық негіздері, 2) сөздіктердің элементтері мен параметрлері, 3) лексикографиялық шығармалардың түрлері мен жанрлары, 4) лексикографиялық жұмыстардың негіздері, 5) сөздік жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, 6) лексикографиялық ережелерді әзірлеу және тұжырымдау.

Мәселен, испан лексикографиясын зерттеген Я.Малкил 1959 жылы сөздіктер типологиясын жасау үшін қажетті үш айырым белгіні айтады: 1) сөздіктің диапозоны, яғни материалды қамту аясы; 2) сөздіктің перспективасы; 3) сөздіктің презентациясы [7, 8-б.]. Мұндағы екінші айырым белгісіндегі перспектива тағы да өз ішінде қарастырылады. Бұл жерде сөздік метатілінің ерекшеліктері сөз болып отырғандығын көруге болады.

Сөздіктер типологиясы бойынша 1962 жылы арнаулы еңбек шығарған Т.Себюк өзінің жіктемесін эмпирикалық негіздерге сүйене отырып жасайды. Ол он жеті белгіні атайды: 1) сөздіктің автордың ана тілінде жасалуы; 2) сөздіктің мәтіндерге байлаулы болмауы; 3) сөздіктің материалды қамту шектері; 4) сөздіктегі материалдың алуан түрлілігі; 5) атау сөздің жекеше немесе көпше тұлғада берілуі; 6) сөздіктің сөз формасына негізделуі; 7) сөздіктің сөз мағынасына негізделуі (синонимдер сөздігі); 8) сөздік мақалалардың әліпбилік ретті сыртқы тұлғалары бойынша берілуі; 9) сөздік мақалалардың мағына, мән бойынша реттеліп берілуі; 10) қарама-қарсы сілтемелер қолдану жолымен материалды формалық жағынан қосалқы безендірудің болуы; 11) қарама-қарсы сілтемелер қолдану жолымен материалды мағыналық жағынан қосалқы безендірудің болуы; 12) сөздің паспортталуы: а) қандай диалектіге жатады, ә) қандай мәтіндерге тіркелген; 13) экземпликация (қолданым мысалдары); 14) глосса (сөзге жасалатын түсініктемелер мен ескертпелердің болуы); 15) сөздік бірліктің қолданым жиілігінің көрсетілуі; 16) сөздік бірліктің этимологиясының берілуі; 17) сөздік мақалада энциклопедиялық түсініктеменің

болуы [7, 10-б.]. Ғалымның пікірінше, сөздік лексикографтың өз ана тілінде жасалатын болса, мұндай сөздікте нұсқаушы, академиялық типті сөздікке айналу тенденциясы сақталады. Сөздік нақты мәтіндер негізінде жасалса, мәтіндерді басты назарда ұстаса, ол анықтамалық сөздік типіне жақындайды.

Бұл жіктемеде сөздіктің тілі, ішкі құрылымы, сөздік бірлік пен сөздік мақаланың орналасу реті, құрамы мен құрылымы ескерілген. Автордың практикалық бағдарды басты назарда ұстануына байланысты ол құнды жіктемелердің бірінен саналады. Сөздіктердің жіктемесі мен басты ұстанымдары туралы ғалымның бұл ойлары сөздіктің замана өнімі болып табылатындығы, сондықтан оны жасаудың нақты тарихи-мәдени шарттарға, теоретикалық лингвистиканың жай-күйіне, сөздікшелер пайдаланатын мәтіндік материалдардың түрі мен көлеміне байланысты болатындығы туралы айтылады.

Түсіндірме сөздіктердің ішінде 1863–1866 жылдары шыққан және 200 мың сөзден тұратын В.И. Дальдың «Тірі ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігі» ерекше орын алады. Орыс тілінің бай лексикасы бүгінгі күнге дейін ешбір сөздікте көрсетілмеген. Сөздіктің ерекшелігі – оның нормаға жатпайтындығы: оған әдеби тілдің сөздік құрамы ғана емес, диалектілік, ауызекі, кәсіби сөздер де енеді. Сөздерді түсіндіру, негізінен синонимдік қатарлар, иллюстрациялар арқылы беріледі. Көп бөлігінде мақал-мәтелдер, жұмбақтар және басқа да халық ауыз әдебиетінің туындылары болады.

1935–1940 жылдары Д.Н. Ушаковтың редакциясымен «Орыс тілінің түсіндірме сөздігі» 4 том болып шықты. Бұл мұқият әзірленген таңбалау жүйесі бар нормативтік сөздік. Онда жаңа сөздер жиі кездеседі, өйткені сөздікте ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы көптеген лингвистикалық жаңалықтар жазылған. Сөздердің орналасуы алфавиттік, түсіндірмесі қысқа да нақты, иллюстрациялар негізінен көркем және публицистикалық әдебиеттерден алынған. Сөздік жазбаларының соңында осы сөзбен фразеологиялық бірліктер беріліп, түсіндіріледі.

1949 жылы С.И. Ожеговтың «Словарь русского языка» жарық көрді. Бірінші басылымда 50 100 сөз қамтылған. Сөздік бір томдық болғандықтан, ондағы мағыналардың түсіндірмесі қысқа, иллюстрациялық материал көлемі жағынан шағын және негізінен автордың өзі ойлап тапқан шағын сөйлемдерден немесе нақыл сөздерден тұрады. Бұл орыс тілінің ең танымал және қолжетімді сөздігі болуы мүмкін, 1990 жылға қарай ол 22 басылымнан өтті. 1989 жылы сөздіктің 21-ші, айтарлықтай қайта өңделген және толықтырылған, жаңартылған қайта редакциясы жасалды. 1972 жылы шыққан 9-басылымнан бастап барлық басылымдарды сөздіктің редакторы Н.Ю. Шведова дайындады. 1992 жылдан бастап айтарлықтай жетілдірілген сөздік «Толковый словарь русского языка» деген атпен және С.И. Ожегов пен Н.Ю. Шведова авторлығымен басылып шықты. 2002 жылы оның 4-ші басылымы шықты.

Алайда қазіргі кездің өзінде сөздік түзу ісінде аса мәнді, маңызды ғылыми негіздің бар екендігіне жөнді назар аударылмай келеді. Академик Л.В. Щерба: «Біздегі маман лингвистердің сөздік түзу ісіне деген елеушілікке, менсінбеушілікке толы көзқарасында зор кемістік, үлкен қателік бар деп ойлаймын. Осы ойларына бекем болғандықтан, олардың ешқайсысы ешқашан да бұл жұмыспен айналысқан емес. Бұрынғы кездері бұл іспен азғантай тиын-тебен үшін жұмыс жасайтын, ешқандай арнайы кәсіби даярлығы жоқ кездейсоқ адамдар айналысатын еді. Бұл істің еш жөн-жосықсыз сөздікті «құрастыру» ісі болып аталып кетуі, бәлкі осы жағдайға байланысты орын алған болар» [8, 16-б.]. Шындығында, біздің лингвистеріміз де, әсіресе, біздің сөздікті құрастырушы мамандарымыз да бұл жұмыстың ғылыми сипатта болуы қажеттігін, сондықтан бұл істің дайын элементтерді механикалық түрде салғастырудан ғана тұрмайтынын байқай алмағандығында.

Сонымен қатар академик Л.В. Щерба «Опыт общей теории лексикографии» (1940) деген еңбегінде «ғылыми терминдер әдеби тіл сөздігіне алынады» деген екі түрлі пікір айтқан. Ағылшын тілінің Оксфорд сөздігінде де, орыс тілінің сөздіктерінде де ғылыми

терминдердің біразы қамтылған. Осыларды пайдалана отырып, біздің тілші ғалымдардың көпшілігі ғылыми терминдерді жалпыхалықтық түсіндермелі сөздіктердің құрамына кіргізуге ниетті.

Еуропа тілдерінің сөздіктері жалпы түсінікті болып келеді. Олардың ғылыми терминдерді әдеби тіл сөздіктеріне алуында айтарлықтай тілдік заңдылықты бұзушылық жоқ. Себебі ол тілдер латын, грек тілдері негізінде жасалған. Сондықтан бұл тілдердің әдеби тілдері мен терминдерінің арасында ешқандай өзгешелік жоқ.

Ал біздің түркі тілдері үшін латын, грек сөздері негізінде жасалған терминдер өздерінің дыбыстық құрылымы, морфологиялық құрамы жағынан өзінше бөлек, жат, бөтен сөздер. Сондықтан салааралық ғылыми терминдердің біразы қазақ тілі үшін әдебиеттің өлшемі бола алмайды. Оның өлшемі – жалпыхалықтық қолданыста. Себебі жалпыхалықтық сөздіктерде қарапайым, халыққа түсінікті тілде қарастырылса, терминологиялық сөздіктерде тек ғылыми ұғым ғана қарастырылады. Олардың ерекшеліктері осында.

Түсіндірме сөздікті әзірлеу – күрделі және көп қырлы процесс. Оны әзірлеу үлкен күш пен мамандандырылған білімді, біліктілікті қажет етеді. Осыған байланысты әлем лингвистері лексикографияның заманауи әдістерін, ақпараттық технологияларды және лингвистикалық зерттеулерді біріктіретін түсіндірме сөздіктерді әзірлеудің озық модельдерін жасауға тырысады. Түсіндірме сөздікті дамытудың бірнеше алдыңғы қатарлы әлемдік модельдері төменгідей:

1. Корпус лексикографиясы. Қазіргі лексикографияның негізгі элементтерінің бірі – сөздерді интерпретацияланатын мәтіндер жиынтығында қолдану. Корпус лексикографиясы тілдің нақты қолданылуын көрсетеді.

2. Семантикалық желілер және семантикалық өрістер теориясы. Бұл тұста қазіргі сөздердің семантикалық өрістері мен сөз желілері, олардың теориялары қамтылады. Бұнда сөздер арасындағы семантикалық байланыстарды ескеруге және сөздердің грамматикалық ғана емес, семантикалық аспектілерін де ескере отырып, интерпретация құруға мүмкіндік береді.

3. Ақпараттық технологияларды қолдану. Ақпараттық технологиялардың дамуы түсіндірме сөздіктер жасауда мамандандырылған бағдарламалар, мәліметтер базасын қолдана отырып жасауға мүмкіндік береді. Бұл сөздіктерді жасау процесін жеңілдетеді. Сөздікті онлайн пайдаланушыларға өте қолжетімді етеді.

4. Пәнаралық тәсіл. Түсіндірме сөздіктерді әзірлеудің заманауи үлгілері көбінесе лингвистика, психология, когнитивтік ғылым және ақпараттық технологиялар сияқты әртүрлі салалардағы мамандарды біріктіріп, пәнаралық тәсілді қамтиды. Бұл тілді тереңірек түсінуге және оны қолдануға ықпал етеді.

Осылайша, түсіндірме сөздіктерді әзірлеудің заманауи әлемдік модельдері лексикографияны барлық тұстан дамытады. Аталған пункттер лингвистикалық білімді дамытуға және тілді байытуға ықпал етеді.

Түсіндірме сөздік жасау тарихына үңілсек, сөздерге берілетін анықтамалардың түрлері де, типтері де көп. Олар: сипаттамалы анықтама, синонимдік анықтама, сілтемелі анықтама, аралас анықтама, жалпылама анықтама және нақтылама немесе айқындама анықтама. Елдің бәрі қолдана бермейтін, түсінбейтін сөздерді жинап беру ғана емес, өздері естіп, көріп, біліп жүрген немесе естігенімен кейбіреулерінің мағыналарын жақсы ажырата алмайтын, алайда тілімізде әбден қалыптасып кеткен сөздердің түгенделуі тиіс. Қолданыста бар тілдік бірліктердің барлығын түгел жиып, оларды реттеп, жүйелеп, сөздікке ендіру – түсіндірме сөздіктің басты міндеті. Енді түсіндірме сөздіктерді кітап күйінде ғана емес, оны цифрлық түрде оқу, түсіндіру өтімдірек.

Әлем халықтарында түсіндірме сөздіктердің күннен-күнге кеңінен өріс алып жатқанын байқауымызға болады. Мәселен, жапон елін алып қарасақ, 99%-ын жапондықтар құрайтын

бұл елдің ерекшелігі – Жапонияда оқу-ағарту ісі VI–VII ғасырда басталған. Оларда білім алу жолы кітаптың пайда болуымен тығыз байланысты. Жапон халықтарының 26 томдық «Түсіндірме сөздік» кітабы алғаш рет «Хейбонся» баспасынан шыққан. Осылайша білім жағынан қарқынды дамыған бұл елде бүгінгі күнде түсіндірме сөздік әзірлеудің озық технологиясы мен тәсілдері тілші мамандарға танымал. Тіл мамандары мен IT- мамандары бірлесіп жасаған «Ұлы Жапон сөздігі» деп аударылатын «Nihongo Daijiten» (日 ; 日) [9, 14-б.]. Бұл сөздік жапон тілінің ең үлкен әрі танымал түсіндірме сөздігі. Сөздікте әр салаға байланысты және архаикалық терминдерге қатысты сөздер мен сөз тіркестері бар. Тек лингвистикалық деректерді ғана емес, сонымен қатар сөздердің мағынасы мен контекстін түсіну үшін мәдениет, тіл, дін, тарих секілді білім салаларындағы мәліметтерді де қамтиды. Сөздердің арасындағы семантикалық байланыстырға баса назар аудара отырып жасалған. Әр сөздің мағынасын жақсы түсіндіру үшін егжей-тегжейлі түсіндірмелермен қатар иллюстрациялар қатар жүреді. Сөздіктің кітап түрінде және онлайн электронды нұсқасы да бар. Пайдаланушы кез келген уақытта тез әрі жылдам қажетті сөздерді таба алады. Сонымен қатар, өзгертпелер жасай алады. Қазіргі ақпараттық қоғамда онлайн ресурстар маңызды. Жаппай жоғары сауатты ел болғандықтан Жапонияда бұл сала қатты дамыған.

Әлемдегі озық үлгілерді айтқанда неміс тілінің түсіндірме сөздік жасауын айтуымызға болады. Е. Смолоногинаның «Текстовые характеристики словарной статьи в немецких толковых словарях» атты еңбегінде: «Словарная статья в немецкоязычных толковых словарях XVIII–XIX века строится системно. Эта система прослеживается в каждом из микротекстов и отражена в важном компоненте триады «макро-, микро- и метатекст» - вступительном слове к изданиям. «Развитие немецкой толковой лексикографии в XX веке» дается характеристика нового этапа в становлении типа текста «словарная статья» одноязычного толкового словаря, на котором сформированный в общих чертах в предыдущий период стандарт написания микротекста становится практически единственной и универсальной схемой построения СС, лексикографический текст имеет тенденцию к сильной степени стандартизованности» делінген [10, 12-б.]. Неміс түсіндірме лексикографиясындағы сөздіктердің дамуы – ол мәтін типінің қалыптасуындағы әр кезеңге сипаттама берілуіне байланысты. Бір тілді түсіндірме сөздік неміс тілінде «сөздік мақала» ретінде белгілі бір кезеңде қалыптасқан бірлік ретінде қарастырылып отыр. «Сөздік мақала» микромәтіннен шығатынын түсінуге болады. Неміс тілінің лексикографиясында «сөздік мақала» ұғымы кез-келген сөздіктің негізгі құрылымдық бірлігі бола алады. «Сөздік мақала» мыналардан тұрады: негізгі бірлік; тақырып бірлігін түсіндіретін және оның негізгі сипаттамаларын айшықтайтын мәтін. Бұл айтылған түсінік неміс тілі лексикографиясындағы белгілі бір сөздік барлық адамға ортақ болып, оны жалпы халық қолданыла алатындай болу керектігін түсіндіреді. Бүгінгі күнде Германиядағы ең танымал сөздік «Duden» [11, 12-б.] деп аталады. Сөздікте неміс тілінің лексикасы, грамматикасы, орфографиясы мен пунктуациясы беріледі. Германияда түсіндірме сөздіктерді дамытудың бірнеше озық мысалдары бар. Осындай мысалдардың бірі – «Duden» (Dudenverlag), ол неміс тілінің ең беделді және кеңінен қолданылатын түсіндірме сөздігі. Міне, осы сөздіктің кейбір сипаттамалары мен ерекшеліктерінің бірі – неміс тілінің лексикасын, соның ішінде жалпы сөздерді, арнайы терминологияны және архаикалық өрнектерді қамтиды. Сөздік түзушілер сөзді түсіндіруде, оның дәлдігін қамтамасыз етуде корпусық зерттеулер секілді заманауи лексикография әдістерін белсенді қолданады. Сөздікті пайдаланушылар сөздікті үнемі жаңартып, оны жақсартуға ықпал ететін ұсыныстар мен ескертулер жібере алады. Осы секілді неміс тілін үйренушілерге арнап әзірленген түсіндірме сөздік те бар. «Langenscheidt» деп аталатын түсіндірме сөздік тіл үйренушілер арасында кеңінен қолданылады. Сөздікті тілді үйренуге және оқытуға бағытталған ресурс ретінде пайдалануға болады. Сөздік елдің мәдени және лингвистикалық ерекшеліктері туралы ақпаратты қамти отырып, пайдаланушыларға белгілі

бір мәдени контексте білім бере алады. XIX ғасырдағы саяси өзгерістер мен мұқтаждыққа байланысты ғасырдың II жартысынан бастап қазақ мәдениетіне кирилл графикасынан бастап өзгерістер ене бастады [12, 129-б.]. Дәл осы кезде қазақ тіліне қатысты лексикографиялық жұмыстар қолға алынып, екітілдік сөздіктер де өз алдына жарық көрді. Заман талабына сай өзгерістерге еніп отырған түсіндірме сөздіктер бүгінгі күнде электронды нұсқада әзірленуде. Электронды нұсқа қалың қауымның сұранысын бірден тудырып, маңыздылыққа ие болары сөзсіз.

Электронды түсіндірме сөздіктер әлемде күннен-күнге қарқынды даму үстінде. Тілге қызығушылығы бар адамдардың кез-келген уақытта қолындағы смартфон арқылы App Store және Play Market секілді қосымшаларының көмегімен жүктей алады. Түсіндірме сөздіктердің ауқымы кең, бағыты сантүрлі. Бүгінгі таңда түсіндірме сөздіктерге қол жеткізуге арналған көптеген танымал қосымшалар бар. Төменде олардың кейбір өте танымалдары көрсетілген (1-кесте).

1-кесте – Сөздік қосымша бағдарламалар

Google Translator:	Google Translator қолданбасы сөздерді аударуға ғана емес, сонымен қатар түсіндірулер мен синонимдерді алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сөздердің дыбыстық айтылуын қамтамасыз етеді.
Merriam-Webster сөздігі	Ағылшын тіліндегі ең көне және ең беделді түсіндірме сөздіктердің бірі. Қолданба анықтамаларды, айтылымды және көптеген қосымша мүмкіндіктерді ұсынады.
Oxford English Dictionary (OED)	Оксфорд университетінің қосымшасы сөздердің тарихи мәліметтерін қоса алғанда, ағылшын тілінің кең сөздігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.
Cambridge Dictionary	Cambridge Dictionary қолданбасы ағылшын тілін үйренуге арналған анықтамаларды, берілген мысалдарын және сөздердің аудио айтылуын қамтамасыз етеді.
Linguee	Өртүрлі тілдердегі мәтіндерден аудармалар мен мәтін мәндік мысалдарды ұсынатын қосымша және онлайн ресурс.
WordReference:	Бірнеше тілдерге түсіндірмелер, синонимдер және аудармалар ұсынады. Бұл шет тілдерін үйренушілер арасында өте танымал.
Babylon:	Бұл қосымша көптеген тілдерге аудармалар мен интерпретацияларды ұсынады.

Өртүрлі салаға арналған түсіндірме сөздіктер де бар. Олардың жалпы халықтық сөздіктермен мақсаты бір. Жұртшылықтың бәріне бірдей жалпы қолданыстағы зат, құбылыс, оқиға атаулары, адамның әр алуан сезім күйлерін бейнелейтін сөздерді, субъективті мәнді бағалауыштарды, т.б. әдеби тіл аясындағы лексика-фразеологиялық бірліктер сөзтізбеде қамтылып, жалпыхалықтық тілде қолданыла бермейтін термин сөздер, кәсіби сөздер, жергілікті сөздер тобын саралап, іріктеп, мағынасын түсіндіру. Білім мен технологиясы қарыштап дамыған елдердің түсіндірме сөздік жасаудағы әдістерін негізге ала отырып, қазақ тіл біліміндегі түсіндірме сөздік бағытын цифрландыруға қарай бұруымыз қажет деген ойдамыз. Себебі білім беруде ақпараттық технологияларға сүйену, жүгіну мәселесі күннен-күнге артып келеді.

Қорытынды

Түсіндірме сөздіктер адамзат тарихының әркілы кезеңдерінде, әртүрлі мақсат-мүдделерге сай, алуан түрлі жүйе мен құрылымда жасалып келеді. Мәдениет үлгілері ертерек хатқа түсіп, жазба дәстүрі үздіксіз дамып келе жатқан елдерде бұл сала – халықтық білім мен біліктің шежіресі іспеттес. Лексикографияның тарихында жанрлық жағынан өзгешеленетін түсіндірме сөздіктердің түрлері көп. Сөздік тұлға ретінде жеке сөзді, сөздің

түбірін немесе қосымшаларды қарастыратын сөздіктер ерте кездерден бері жасалып келеді. Оларға мысал ретінде көне үнді, ескі қытай, орта ғасырлық араб, парсы, түркі елдерінің бірқатар сөздіктерін, латын жазулы Еуропа халықтарының алғашқы түсіндірме сөздіктерін келтіруге болады. Тілдік даму барысында сөздердің бір тобы ескіріп, екінші бір тобы жаңадан пайда болып жатады. Соның нәтижесінде бір тілдің тарихындағы түрлі дәуір, кезеңдер аралығында тілдік өзгешеліктердің орын алары сөзсіз. Түсіндірме сөздіктердің кейбір арнаулы түрлері осындай өзгешеліктерді түсіндіру мақсатымен жасалады.

Түсіндірме сөздік – сөздің жан-жақты филологиялық сипаттамасын, қосалқы функционалды-семантикалық квалификациясын, мағыналардың түсіндірмелерін, иллюстративті мысалдарды және т.б. беретін сөздік. Түсіндірме сөздіктің маңызды функциясы – пайдаланушыларға тілдегі сөздер мен сөз тіркестері туралы түсінікті, нақты анықтамалар, мәліметтер беру. Тілді оқытуда, қарым-қатынастың және сөздік қорын байытуда түсіндірме сөздік негізгі құрал. Тіл мұрасын сақтауда, лингвистика мен лексикографияны дамытуда түсіндірме сөздік маңызды рөл атқарады. Шетелдік түсіндірмелі сөздіктер, оның ішінде еуропалық тілдің лексикографиясындағы сөздік барлық адамға ортақ болып, оны жалпы халық қолдана алатындай болу керектігі түсіндіріледі. Ал орыс тілінің түсіндірмелі сөздігінің ерекшелігі – оған әдеби тілдің сөздік құрамы ғана емес, диалекті сөздер, ауызекі, кәсіби сөздер де енетіндігінде. Тіпті көптеген ғылыми терминдер түсіндірмелі сөздікке молынан алынып берілген. Сонымен қатар бұл орыс тілі сөздігінің көп бөлігіне мақал-мәтелдер мен жұмбақтар, басқа да халық ауыз әдебиетінің үлгілері кіргізіліп отыр. Ал біздің қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде нормаланған әдеби тіл бірліктері қамтылған.

Технологияның дамуымен түсіндірме сөздіктер электронды және мобильді форматтарда қол жетімді болды. Бұл құралды өте ыңғайлы және кең аудиторияға қолжетімді етті. Интернеттегі ресурстар мен мобильді қосымшалар сөздіктерді тезірек жаңартуға және толықтыруға, тіл мен мәдениеттің өзгеріп дамуынан қалмай жүруге мүмкіндік береді.

Түсіндірме сөздік тілді үйренудің және қолданудың негізгі құралы болып қала береді және ол қолданушылардың қажеттіліктері мен тілдегі өзгерістерге сәйкес дами береді. Жалпы, түсіндірме сөздіктер тіл мен коммуникация шешуші рөл атқаратын маңызды құрал.

Түсіндірме сөздіктерді әзірлеу жұмысы әлемде бүгіннің талабына сай жалғасуда. Оларды пайдалану заманауи талаптар мен технологияларға бейімделеді. Түсіндірме сөздерді дамытудың тағы бір маңызды идеясы – тіл эволюциясын бақылау қабілеті. Түсіндірме сөздіктер тек қазіргі сөздік құрамды ғана емес, сонымен қатар сөздердің өзгеретін мағыналарын, жаңа идиомаларды бейнелейді. Бұл тілдің эволюциясын және оның мәдениетпен, қоғаммен байланысын бақылауға көмектеседі. Демек, түсіндірме сөздіктер біздің қоғамдағы және коммуникациядағы өзгерістерді көрсете алатын жанды және динамикалық құралдарға айналуы керек. Сол үшін том-том баспа түріндегі сөздіктердің орнын электронды сөздіктер басуы тиіс. Қазақ лингвистері сөздік жасаудың әлемдік тәжірибесінен үлгі алып, қазақ әдеби тілінің электронды түсіндірме сөздігін жасауға кірісуі керек.

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP19677488).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұсабаев Г.Ф. Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі туралы // ҚазССР ҒА Хаб., филология және өнер. – 1956. 3-шығарылым.

2. Қалиев Б.Қ. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. – Алматы: Керемет медиа, 2023. – 496 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 том. – Алматы: Ғылым. – 1974–1986.
4. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық. 1-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 752 б.
6. Қалиұлы Б.Қ., Қапалбек Б.С. Біртiлдi сөздік жасаудың ғылыми-теориялық негіздері: монография. – Алматы, 2023. – 309 б.
7. Байниязов А., Байниязова Ж. Сөздіктердің жанрлары мен типтері туралы // Түркология. – 2008. – №5-6. – Б. 20–25.
8. Нуржанова Б. Жазушы тілі сөздігін түзудің ғылыми-теориялық негіздері: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2019. – 188 б.
9. Умесео Тадао 梅棹忠夫 и др., ред. Kōdansha karāban Nihongo daijiten 講談社カラー版日本語大辞典 Большой японский словарь, Kodansha, 2-е изд. 1989, 1995.
10. Смолонгина Е. Текстовые характеристики словарной статьи в немецких толковых словарях: автореф. ... канд. филол. наук. – СПб, 2007. – 22 с.
11. Duden–Die deutsche Rechtschreibung: Das umfassende Standardwerk auf der Grundlage der neuen amtlichen Regeln / Herausgegeben von der Dudenredaktion. – Bibliographisches Institut & F.A. Brockhaus, Mannheim u.a., 2020.
12. Кадилова М.С., Юсупова А.Ш. XIX ғасырдағы кирилл графикасымен жазылған қазақ сөздігіндегі лексемалардың көпмағыналығы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1(127). – Б. 120–131. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.10>

REFERENCES

1. Musabaev G.G. Qazaq tilinin eki tomdyq tusindirme sozdigi turaly [About the two-volume Explanatory Dictionary of the Kazakh language] // QazSSR GA Hab., filologia jane oner. – 1956. 3-shygarylym. [in Kazakh]
2. Qaliev B.Q. qazaq tilinin tusindirme sozdigi. 2-tom [Explanatory Dictionary of the Kazakh language. Vol. 2]. – Almaty: Keremet media, 2023. – 496 b. [in Kazakh]
3. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. 1-10 tom [Explanatory Dictionary of the Kazakh language. Vol. 1-10]. – Almaty: Gylym. – 1974–1986. [in Kazakh]
4. Januzaqov T. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 968 b. [in Kazakh]
5. Qazaq adebi tilinin sozdigi. 15 tomdyq. 1-tom [Dictionary of the Kazakh literary language. Vol. 1]. – Almaty: Qazaq enciklopediasy, 2011. – 752 b.
6. Qaliuly B.Q., Qapalbek B.S. Birtildi sozdik jasadyn gylymi-teorialyq negizderi [Scientific and theoretical foundations of creating a monolingual dictionary]: monografiya. – Almaty, 2023. – 309 b. [in Kazakh]
7. Bainiiazov A., Bainiiazova J. Sozdikterdin janrlary men tipteri turaly [About the genres and types of dictionaries] // Turkologia. – 2008. – №5-6. – Б. 20–25. [in Kazakh]
8. Nurjanova B. Jazushy tili sozdigin tuzudin gylymi-teorialyq negizderi [Scientific and theoretical foundations of the formation of a dictionary of the writer's language]: filoz. dok. (PhD) ... dis. – Almaty, 2019. – 188 b. [in Kazakh]
9. Ymesao Tadao 梅棹忠夫 1 dr., red. Kodansha karaban Nihongo daijiten 講談社カラー版日本語大辞典 Bolshoi iaponskii slovar, Kodansha, 2-e izd. 1989, 1995. [in Japan]
10. Smolonogina E. Tekstovye harakteristiki slovarnoi statii v nemeckih tolkovykh slovariah [Text characteristics of a dictionary entry in German explanatory dictionaries: abstract]: avtoref. ... kand. filol. nauk. – SPb, 2007. – 22 s. [in Russian]
11. Duden–Die deutsche Rechtschreibung: Das umfassende Standardwerk auf der Grundlage der neuen amtlichen Regeln / Herausgegeben von der Dudenredaktion. – Bibliographisches Institut & F.A. Brockhaus, Mannheim u.a., 2020. [in German]
12. Kadirova M.S., Jusupova A.Sh. XIX gasyrdagy kirill grafikasy men jazylgan qazaq sozdigindegi leksemalardyn kopmagynalygy [The Polysemous Lexemes in the Kazakh Dictionary Written in Cyrillic of the XIX Century] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. –№1(127). – Б. 120–131. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.10> [in Kazakh]